

Семей қаласы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, оларды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, оларды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2020 жылғы 17 шілдедегі № 54 /394-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 тамызда № 7450 болып тіркелді.

### ЗКАИ-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 8-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Семей қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Семей қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және олардың шекті толу нормалары;

осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;

осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес арнайы орындарды пайдалану тәртібі;

осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес Семей қаласында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары айқындалсын.

2. Осы шешімнің 5-қосымшасына сәйкес Семей қаласы мәслихаты шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Калалық мәслихат сессиясының төрағасы

Т. Баймуринов

Калалық мәслихаттың хатшысы м.а.

Ж. Молдағалиева

Семей қаласы мәслихатының

2020 жылғы 17 шілдедегі

№ 54/394-VI шешіміне

№ 1-қосымша

Семей қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және олардың шекті толу нормалары

p/c №	Арнайы орын	Шекті толу нормасы
-------	-------------	--------------------

1.	Спартак" стадионының алаңы – Гагарин к., 168	700 адамнан артық емес
2.	"Бейбітшілік" аралындағы "Қазан ағашы" саябағының алаңы	400 адамнан артық емес
3.	"Бейбітшілік" аралы жасанды футбол алаңынан бастап "Қазан ағашы" саябағының бұрылышына дейін	400 адамнан артық емес

Семей қаласы мәслихатының  
2020 жылғы 17 шілдедегі  
№ 54/394-VI шешіміне  
№ 2-қосымша

### **Семей қаласында арнайы орындарды материалдық-техникалық және үйымдастырушулық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

1. Үйымдастыруши немесе үйымдастырушының өкілдері бейбіт жиналыстарды өткізу кезінде дыбыс-бейне жазу техникасын, сондай-ақ бейне және фототүсірлім жасауга арналған техниканы пайдалануға құқылды.

2. Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және үйымдастырушулық қамтамасыз етуді оларды үйымдастыруши мен оларға қатысушылар өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен жүзеге асырады.

Семей қаласы мәслихатының  
2020 жылғы 17 шілдедегі  
№ 54/394- VI шешіміне  
№ 3-қосымша

### **Семей қаласында арнайы орындарды пайдалану тәртібі**

Бейбіт жиналыстар пикеттеуді қоспағанда, бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және өткізу үшін осы шешіммен айқындалған арнайы жерлерде өткізіледі.

Дәл сол бір жерде және (немесе) дәл сол бір жүру маршруты бойынша не дәл сол бір уақытта бейбіт жиналыс өткізуге бір мезгілде бірнеше бейбіт жиналыстарды үйымдастыруши үміткер болған жағдайда, көрсетілген орынды пайдалану кезектілігін жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналыстарды үйымдастыруышыдан тиісті хабарламаны немесе өтінішті алған уақытын негізге ала отырып айқынрайды.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні жергілікті уақыт бойынша сағат 9.00-ден ерте бастауға және сағат 20.00-ден кеш аяқтауға болмайды.

Бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір уақытта дәл сол бір объектіде екі және одан да көп пикет өткізуге жол берілмейді.

Пикеттеу ұзақтығы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір объектіде күніне 2 сағаттан аспауға тиіс.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 17 және 18-баптарында көзделген жағдайларда жергілікті атқарушы орган өкілінің, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің талап етуі бойынша бейбіт жиналыстарға қатысуышыларға осындай талапты орындау қажеттігі туралы ақпарат бере отырып, бейбіт жиналыстарды тоқтата тұрады немесе тоқтатады.

Семей қаласы мәслихатының  
2020 жылғы 17 шілдедегі  
№ 54/394-VI шешіміне  
№ 4-қосымша

### **Семей қаласында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 16.02.2024 № 21/119-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Семей қаласының келесі объектілерінің іргелес аумақтарынан кемінде 800 метр қашықтықта пикет өткізу шекаралары айқындалсын:
  - 1) жаппай жерлеу орындары;
  - 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінің;
  - 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдар;
  - 4) қауіпті өндірістік объектілер және пайдаланылуы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілер;
  - 5) магистральдық теміржол желілері, магистральдық құбыржолдар, ұлттық электр желісі, магистральдық байланыс желілері.

Семей қаласы мәслихатының  
2020 жылғы 17 шілдедегі  
№ 54/394- VI шешіміне  
№ 5-қосымша

### **Семей қаласы мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізімі**

1. Семей қаласы мәслихатының 2016 жылғы 25 ақпандағы № 50/276-V "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрацияларды өткізу ережесін қосымша регламенттеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4447 болып тіркелген, "Семей таңы" және "Вести Семей" № 27 (18578) газеттерінде 2016 жылғы 5 сәуірде жарияланған) шешім.;

2. Семей қаласы мәслихатының 2019 жылғы 29 мамырдағы № 38/263-VI "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібінің қосымша ережелері туралы" Семей қаласы мәслихатының 2016 жылғы 25 ақпандығы № 50/276-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5982 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 7 маусымда жарияланған) шешім.;

3. Семей қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 желтоқсандағы № 46/306-VI "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібінің қосымша ережелері туралы" Семей қаласы мәслихатының 2016 жылғы 25 ақпандығы № 50/276-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6423 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда жарияланған) шешім.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК